



Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі  
М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті

### АҚПАРАТТЫҚ ХАТ

Көрнекті қоғам және мемлекет қайраткері Тұрар Рысқұловтың  
125 жылдығына арналған

**ҚАЗАҚ ЕЛІНІҢ ҰМЫТЫЛМАС ҰЛЫ ТҰЛҒАЛАРЫ** атты  
Халықаралық ғылыми конференциясы

**Күні:** 2019 жыл, 12 желтоқсан

**Өткізілетін орны:** Қазақстан Республикасы, Шымкент қ., Тәуке хан даңғылы, 5  
Мұхтар Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті

2019 жылы 12 желтоқсанда Мұхтар Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті Шымкент қаласының әкімдігімен бірлесіп, Қазақстанның ХХ ғасырдағы экономикалық және әлеуметтік дамуына, түркі халықтарының рухани бірлігін сақтауға және тәуелсіздік идеясын бастаған тұлғаларының бірі, атақты ғалым, қоғам және мемлекет қайраткері Тұрар Рысқұловтың 125 жылдығына арналған **ҚАЗАҚ ЕЛІНІҢ ҰМЫТЫЛМАС ҰЛЫ ТҰЛҒАЛАРЫ** атты халықаралық ғылыми конференция өткізеді.

**Конференцияның негізгі мақсаты:** Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың 2017 жылғы 12 сәуірдегі «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» және 2018 жылғы 20 қарашадағы «Ұлы Даланың жеті қыры» атты бағдарламалық мақалаларын іске асыру. «Ұлы Дала тұлғалары» ғылыми-көпшілік сериясын жүзеге асыру барысында көпшілік қауымға қазақ ұлт тарихындағы ғалым, қоғам және мемлекет қайраткері Тұрар Рысқұловтың өмірі мен саяси қызметі, республиканың әлеуметтік-экономикалық жағдайын қалыптастыру және дамыту жөніндегі Тұрар Рысқұловтың рөлі мен орны; ХХ ғасырдың қазақ интеллигенциясының көзқарастарында тәуелсіздік үшін күрес және Түркістанның саяси дамуының маңыздылығы, жалпы Қазақстан мен Орталық Азияның халықаралық деңгейдегі сапалы ғылыми зерттеулерінің жаңа бағыттары мен ынталандырылуы және Еуразияның мәдени-тарихи мұрасы үшін Түркі әлемінің құндылықтары бойынша жаңа ғылыми зерттеулер таныстырылады.

**Конференцияның міндеттері:** Көпшілік қауымға Тұрар Рысқұловтың индустриалды және әлеуметтік-экономикалық, саяси және рухани дамуындағы идеялары туралы қосқан үлесімен таныстыру, тарихтағы ақтаңдақтарды қайта қалпына келтіру ретінде терең зерттеулерді жүргізу; атақты тарихи тұлғалардың және қаһармандардың өмірі мен қызметі жайлы мағлұматты жандандыру және тарату жұмыстарын отандық және шетел ғалымдарымен бірігіп зерттеулерді жүйелендіру; қазіргі тарихтағы, әдебиеттегі, музыка мен театр саласындағы және бейнелеу өнеріндегі тұлғалар бейнесінің маңызды галереясын жасау жұмыстарын қолға алу; Еуразиялық кеңістіктегі жаңа бағыттардағы зерттеулер: «Туған жер», «Қазақстанның қасиетті рухани құндылықтары», «Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы» іске асу; Еуразия кеңістігіндегі Түркі әлемінің ғылыми маңыздылығы және оның халықаралық деңгейдегі ғылыми зерттеулерге жаңа бағыттарын қолдау.

**Конференция келесі бағыттар бойынша жұмыс жасайды:**

1. Тұрар Рысқұлов: қоғамдық-саяси және мемлекеттік қызметі;
2. Қазақстан әлеуметтік-экономикалық дамуы: тарихы мен қазіргі кезеңі;
3. Түркі әлемінің зерттеулері: Еуразияның мәдени-тарихи мұрасы.

Конференцияға шет ел және республика ғалымдарының қатысуы жоспарлануда. Халықаралық және республикалық жоғарғы оқу орындарының, ғылыми институттары және орталықтарының зерттеушілері, республикалық және аймақтық мұражайлардың, кітапханалардың қызметкерлері; мемлекет қайраткерлері, жас ғалымдар, республикалық қоғамдық қорлардың, жастар саясаты бөлімдерінің және Шымкент қ., мен Түркістан облысының білім басқармасының өкілдері қатысады. Конференция бағыттары бойынша ғылыми зерттеулердің тақырыптық тұсаукесерлері, театралдық қойылымдар, ғалымдардың жетістіктерінің көрмесі өткізілуі жоспарланып отыр.

Конференция материалдары ЖИНАҚҚА жарияланады. ТАҢДАУЛЫ мақалалар «QAZAQTANÝ» - Республикалық ғылыми журналында IV номерінде ақысыз жарияланады. «QAZAQTANÝ» - Республикалық ғылыми журналы ҚР Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» және «Ұлы даланың жеті қыры» мақаларды іске асыру шеңберінде Мұхтар Әуезов атындағы ОҚМУ Ғылыми-зерттеу басқармасымен жарияланады және 2019 жылы 30 қаңтарда №17493-Ж Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникациялар Министрлігінің Ақпарат Комитетінде тіркеуден өтіп, ресми куәландырылған, 2019 жылдың 5 шілдедегі №260-07/2019 лицензиялық келісім-шарт негізінде Ресей ғылыми дәйексөз индексі (РИНЦ) деректер қорына енгізілген.

Халықаралық ғылыми конференциясының материалдарын жариялау құны - 4000 (төрт мың) теңге.

**Конференцияның жұмыс тілдері:** қазақ, орыс, ағылшын.

Бірлескен авторлық ұжым - 3 адамға дейін.

Төлемақыны мақаланы өткізер кезде қолма-қол ақшамен немесе банк арқылы төлеуге болады.

**Банк реквизиттері:**

Ұйымдастыру жарнасын материалдық жауапты Қынатова Әсия Әмзеқызына аудару қажет.

ЖСН:590217402425

Жеке куәлік № 035091873 ҚР ПМ 01.08.2013 берілген.

«ЖҰСАНБАНК» Шымкент филиалы ескі (Цеснабанк) №5540662005291821

**Өтетін орны:** Тәуке хан даңғылы №5, М.Әуезов атындағы ОҚМУ, бас ғимарат, 3 қабат, Акт залы.

**Ғылыми-көпшілік және ғылыми жетістіктер көрмесі:** бас ғимараттың 3-кабаты, фойе.

**Тіркеу:** 9<sup>00</sup>-10<sup>00</sup>сағ.

**Конференцияның ашылуы және Пленарлық мәжіліс:** 10<sup>30</sup>- 13<sup>00</sup>сағ.

**Түскі үзіліс:** 13<sup>00</sup>- 14<sup>30</sup>сағ.

**Секциялық отырыстар:** 14<sup>30</sup>- 17<sup>00</sup> сағ.

**Конференцияның жабылуы:** 17<sup>00</sup>- 18<sup>00</sup>сағ.

**Барлық сұрақтар бойынша:**

1. 7(7252) 21-19-89, 30-05-71, 8-778-534-20-42. конференцияға қатысуға өтініштерді қабылдау -

М.Әуезов атындағы ОҚМУ-нің Ғылыми-зерттеу басқармасының директоры, PhD докторы Назарбек Ұлжалғас Бахытқызы. [unazarbek@mail.ru](mailto:unazarbek@mail.ru)

2. 7(7252) 30-08-57, 8-701-647-15-14. конференцияға қатысуға өтініштерді қабылдау және жинақпен ғылыми журналда жариялану бойынша - Ғылыми-зерттеу басқармасы бас маманы Торгаутова Шолпан Аширәлиевна; [torgautova82@mail.ru](mailto:torgautova82@mail.ru)

**Мақалалар 2019 жылдың 25 қарашаға дейін қабылданады.**

Еңбектер жинағы қағаз және электрондық жинақта жарияланатын болады.

#### Қатысуға бойынша өтініш

Өтініш	
1	Баяндамашының тегі, аты-жөні (толығымен)
2	Ғылыми дәрежесі, ғылыми атағы
3	Мекемесі, лауазымы
4	Мекен-жайы (индексі көрсетілуі міндетті)
5	Телефон, факс (халықаралық байланыс кодымен)
6	Баяндаманың тақырыбы
7	Секцияның атауы
8.	Керекті техникалық құралдар
9.	Қонақүй орындарын брондау қажеттігі (иә, жоқ)

### Мақаланы жариялау талаптары

1. Мақала мәтіні қағаз және электронды түрде ұсынылады. Мәтін Microsoft Word мәтіндік редакторында Times New Roman шрифтімен терілген болуы тиіс, негізгі мәтін шрифтінің көлемі 12 p.t., сызбалар, диаграммалар - 11 p.t., жоларалық интервал - біреулік, тармақтың басындағы шегініс - 1,0, мәтінді енін бойлай теңестіру қажет.
2. Бет параметрлері: А4, жиегі: сол жағы - 2 см, оң жағы - 2 см, жоғары жағы - 2 см, төменгі жағы - 2 см.
3. Мақаланың жалпы көлемі, оның ішінде кестелер, иллюстрациялар және әдебиет тізімін қоса есептегенде - 3-тен 10 бетке дейін.
4. Мақала тақырыбы қысқаша болуы және мақаланың мазмұнын көрсетуі қажет
5. Қазақ тіліндегі мақалалар үшін *түйін*, *аннотация* және *abstract*, орыс тіліндегі мақалалар үшін *аннотация*, *түйін* және *abstract*, ағылшын тіліндегі мақалалар үшін *түйін* және *аннотация* болуы міндетті. *Аннотация*, *түйін* және *abstract* мазмұны бірдей болуы және сөздердің саны 50-100 болуы қажет.
6. Автор (лар) туралы ақпаратта мына мәліметтер болуы қажет: толық аты-жөні, академиялық дәрежесі, ғылыми атағы, мекеменің атауы, қала, мемлекет.

### Мақала құрылымы

1. ӘОЖ (эмбебап ондық жүйе) - жоғарғы сол жақ бұрышта (11 p.t.).
2. Автор(лар)дың толық аты-жөні (12 p.t.).
3. Лауазымы, ғылыми дәрежесі және ғылыми атағы, ұйым атауы, қала, мемлекет (11 p.t.).
4. Мақала атауы – мақаланың тілінде, Caps Lock 12 p.t.
5. Түйін - мақала тілінде, 11 p.t.  
Түйін - ғылыми жұмыстың қысқаша мазмұны. Түйіннен оқырман зерттеудің мәнін түсінуі қажет. Жұмыстың нәтижесі өте дәл және ақпаратқа толы түрде сипатталады. Мәтінде маңызсыз ақпарат, қосымша кіріспе сөздер, жалпы және шамалы тұжырымдар, қысқартулар, әдебиеттерге сілтемелер болмауы керек. Түйін бір абзацта жазылуы қажет. *Сапалы өңделген және аударылған түйін мақалаға деген қызығушылықты, сондай-ақ шетелдік әріптестердің мақалаға сілтеме жасау мүмкіндігі арттырады.*
6. Кілттік сөздер - 10 сөзге дейін, 11 p.t.
7. Мақаланың мәтіндік бөлімі (12 p.t.). Мақаланы тақырыптар арқылы жазу қажет, мысалы: **Кіріспе (міндетті), Теориялық талдау, Тәжірибелік бөлім, Нәтижелер мен талқылау. Қорытындылар (міндетті), Белгілер, Әдебиеттер тізімі (міндетті). Тақырыптар нөмірленбейді.** Кестелер мен суреттер мәтінде аталғаннан кейін орналасуы керек. Әр кестенің атауы болуы қажет. Суреттер анық, сканерленбеген болуы қажет. Сурет асты жазба үлгісі: Сурет 1. Тәуелділік .....: а - ... ; ә - ...  
Барлық аббревиатуралар мен қысқартулар, бұраннан белгілілерін қоспағанда, мәтінде бірінші рет айтылған кезде толық жазылуы қажет.
8. Әдебиеттер тізіміне тек мәтінде сілтемелер жасалаған және жарияланған немесе жариялануға қабылданған жұмыстар ғана ене алады. Әдебиет көздері мәтінде қолданылған ретімен нөмірленуі қажет. Өз-өзіне жазылған сілтемелер саны жалпы тізімнің 20-30% -ынан аспауы қажет. 10-15 жылдан аспайтын әдеби көздер тізімі кемінде 70% болуы қажет.
9. Түйін (қазақ тіліндегі мақалалар үшін орыс және ағылшын тілдерінде, орыс тіліндегі мақалалар үшін қазақ және ағылшын тілдерінде, ағылшын тіліндегі мақалалар үшін қазақ және орыс тілдерінде болуы қажет).
10. Қатынасхаттар үшін жауапты автор туралы ақпарат: толық аты-жөні, телефон нөмірі, электронды поштасы.

*Қосымша 1*

ӘОЖ 541.18 (шрифт көлемі – 11 p.t.)

**Аскарова Г.А.** (12 p.t.)

ф.ғ.к, доцент, М. Әуезов атындағы ОҚМУ, Шымкент, Қазақстан (11 p.t.)

*егер бірнеше автор болса келесідей рәсімделеді:*

**Тоқтаров Д.К.<sup>1</sup>, Жұмағұлов Е.М.<sup>1</sup>, Айдарбекова Д.Б.<sup>2</sup>, Дәрібеков С.Н.<sup>3</sup>.**

<sup>1</sup> т.ғ.д., профессор, Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті, Қарағанды, Қазақстан

<sup>1</sup> т.ғ.к., доцент, Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті, Қарағанды, Қазақстан

<sup>2</sup> аға оқытушы, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразиялтық университеті, Астана, Қазақстан

**ӘЛ-ФАРАБИДІҢ ФИЛОСОФИЯЛЫҚ КӨЗҚАРАСЫ** (12 p.t.)

**Түйін** (11 p.t.) 100-150 сөз болуы қажет

**Кілттік сөздер** (11 p.t.)

Негізгі мәтін (12 p.t.)

**Әдебиеттер тізімі** (12 p.t.)

**Аннотация** (11 p.t.) 100-150 сөз болуы қажет

**Abstract** (11 p.t.) 100-150 сөз болуы қажет

**Қатынасхаттар үшін жауапты автор туралы ақпарат**